

Жуалы ауданының аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының тізбесін бекіту туралы

Күшін жойған

Жамбыл облысы Жуалы ауданының әкімдігінің 2016 жылғы 20 желтоқсандағы № 299 қаулысы. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2017 жылғы 27 қаңтарда № 3297 болып тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы Жуалы ауданының әкімдігінің 2018 жылғы 19 желтоқсандағы № 792 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облысы Жуалы ауданының әкімдігінің 19.12.2018 № 792 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Автомобиль жолдары туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі Заңының 3-бабының 7-тармағына 6-бабының 2-тармағына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жуалы ауданының аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының тізбесі атаулары мен индекстері осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "Жамбыл облысы Жуалы ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулының мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде оны ресми жариялауға мерзімді баспа баслымдарына және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне жіберуді;

3) осы қаулының Жуалы ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) осы қаулыдан туындайтын басқа да шаралардың қабылдануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Нарбай Әбілқасымұлы Ергебековке жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Б. Көпбосынов

Аудан әкімдігі қаулысының келісім парағы

Атауы: Жуалы ауданының аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының тізбесін бекіту туралы

"КЕЛІСІЛДІ"

Жамбыл облысы әкімдігінің құрылыс,
жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары
басқармасының басшысыны

А. Ахатаев

20 желтоқсан 2016 жыл

Аудан әкімдігінің
2016 жылғы 20 желтоқсандығы
№ 299 қаулысына қосымша

Аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының тізбесі

№	Автомобиль жолдары		
	Индекс	Атауы	Ұзақтығы (шақырым)
1	КН-GU-1	"Б. Момышұлы ауылына кіреберіс"	1,21
2	КН-GU-2	"Көлбастау ауылына кіреберіс"	4,42
3	КН-GU-3	"Дихан ауылына кіреберіс"	6,09
4	КН-GU-4	"Көлбастау - Талапты-Алатау - Әскери бөлім"	19,78
5	КН-GU-5	"Жаңаталап - Күркүреусу"	3,1
6	КН-GU-6	"Қызыларық ауылына кіре-беріс"	2,68
7	КН-GU-7	"Нұрлыкент - Қосбөлтек"	8,56
8	КН-GU-8	"Шакпаката - Т.Дүйсебайұлы"	5,3
9	КН-GU-9	"Шакпаката - Ынтымақ"	6,27
10	КН-GU-10	"Береке - Шыңбұлақ - Қосмұрат"	19,26
11	КН-GU-11	"Күреңбел ауылына кіреберіс"	12,3
12	КН-GU-12	"Күреңбел - Қаратас"	6,84
13	КН-GU-13	"Ертай ауылына кіреберіс"	2,21
14	КН-GU-14	"Күйік-Терс - Ащыбұлақ"	11,52
15	КН-GU-15	"Көлбастау - АБЗ"	17,0
16	КН-GU-16	"Похомова" пионер лагері	2,0
17	КН-GU-17	"Шыңбұлақ - Тасбастау"	3,53
18	КН-GU-18	"Күреңбел - Ертай"	3,87
	Барлығы:		135,94

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК